




**Орта білім беру ұйымдарында
2018-2019 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және каникул
кезеңдерін айқындау туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5 – бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 05 шілдедегі № 322 бұйрығына және Алматы облысының білім басқармасының 2018 жылғы 01 тамыздағы № 516-н бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2018 - 2019 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2018-2019 оқу жылының басталуы - 2018 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы мектепалды дайындық сыныптарында - 32 оқу аптасы, 1- сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11(12)- сыныптарда - 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

3) Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:

1) 1-11(12) – сыныптарда: күзгі каникул - 7 күн (2018 жылғы 29 қазан – 4 қарашаны қоса алғанда), қысқы - 10 күн (2018 жылғы 31 желтоқсан – 2019 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2019 жылғы 21 наурыз – 2 сәуірді қоса алғанда);

2) мектепалды даярлық сыныптарында: күзгі каникул – 7 күн (2018 жылғы 29 қазан - 4 қарашаны қоса алғанда), қысқы - 14 күн (2018 жылғы 27 желтоқсан – 2019 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 15 күн (2019 жылғы 21 наурыз – 4 сәуірді қоса алғанда);

3) мектепалды даярлық сыныптары мен 1- сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2019 жылғы 4-10 ақпанды қоса алғанда) мерзімінде белгіленеді.

2. Осы бұйрықтың білім бөлімінің интернет-ресурсында орналасуын (Б.Бейсенаева) қамтамасыз етсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің сектор меңгерушісі
Б.Бейсенаеваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



Л.Бакирова